

## Ауданның коммуналдық тұрғын үй қорындағы үйлерді пайдаланғаны үшін төлемдердің мөлшерін белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 4 ақпандағы N 22 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 ақпанда N 13-3-92 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылдың 23 қаңтардағы № 148-ІІ, Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылдың 16 сәуірдегі № 94, Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабының 1-тармағына сәйкес,  
аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Ауданның коммуналдық тұрғын үй қорының үйлерін пайдаланғаны үшін, 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап айына үйдің пайдалы көлемінің 1 шаршы метріне 27 (жиырма жеті) теңге мөлшерінде төлемдердің көлемі белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Н. Бүбенеєвке жүктелсін.

3. Осы қаулы 10 күн мерзімі ішінде қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Айнабеков